



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мамандардың пікірінше, Қазақстандағы заң жүйесі франчайзингтің дамуына ықпал жасайтынына сенімді. Бірақ, қазіргі таңда мемлекет тарапынан күткен үміттері ақталмай отыр. Әрине, франчайзинг дамуда, бірақ жоғарғы қарқында дамып жатыр деу қиын. Сол себепті, бұл жағдайға менің ұсынысым мынадай:

«Комплекстік кәсіпкерлік лицензия туралы» заңға толықтырулар енгізу. Себебі, кәсіпкерлердің айтуынша, заңда еркін франчайзинг жүйесімен жұмыс істеу мүмкіндіктері толық қамтылмаған деуге болады. Сондықтан министрлік тарапы заңды қайта қарап, қазіргі нарықтық экономиканың барлық шарттарын орындайтындай, еркін кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік беретін жағдай жасауы тиіс деп ойлаймын.

Осындай маңызды шаралар франчайзингтік жүйемен дамитын кәсіпкерлер санын көбейтетініне сенімдімін. Себебі, әрбір адам немесе кәсіпорын иесі жаңа кәсіпкерлік ашқысы келсе немесе кәсіпкерлігін ұлғайтқысы келсе, мұндай жағдайда франчайзингтік жүйені пайдалану өте тиімді. Франчайзингтің Қазақстандағы болашағы – үлкен жетістіктерге жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Электрондық ресурс: <http://kontrosha.com>.
2. Б.Н. Исабеков "Парасатты экономика: дағдарыс пен серпіліс" Астана-2013, "Фолиант" баспасы
3. Исабек Бауыржан Түркістани "Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдірудің механизмдері" Түркістан-2009, "Тұран" баспасы
4. Электрондық ресурс: <http://bigox.kz>.

ӘОЖ: 332.05

ҚҰПИЯ ҚАЛАШЫҚ – ЖАНКЕНТ ҚАЛАСЫ ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚ РЕТІНДЕ

Аяпберген Алмагүл

almagul.96_28@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-А.Г. Гиззатжанова

Әлемде тарихи мәнге ие, қайталанбастығымен әрі әсемдігімен ерекшеленетін ескерткіштер, ежелгі қалалар мен қалашықтар, құрылыстар өте көп, олар бір мемлекеттің кешегіден бүгінге дейінгі тарихын зерделеп қана қоймай, салт - дәстүрінен, мәдениетінен, халқының өмір салтынан хабар береді. Осындай ескерткіштеріміз көзден ғайып болуда, сондықтан оларды сақтап қалу үшін көптеген іс-шаралар жүзеге асыруға ниеттенуде.

Елбасымыз 2003 жылғы Жолдауында Үкіметке "Мәдени Мұра" бағдарламасын іске асыруды тапсырған болатын. Бағдарлама аясында Қазақстан аумағындағы 37 көне қалалар зерттеліп, 113 тарихи-мәдени ескерткіштерге жаңғырту жұмыстары жүргізілді [1]. Бағдарлама бірнеше кезеңдерден тұрады, осы бағдарламаға сай 2007-2009 жылдары ортағасырлық Жанкент қаласына зерттеулер жүргізілді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарға 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауында: «Қазақстанда туризмнің барлық түрін дамытуға мүмкіндігіміз бар», - екендігін және елімізде туризмді дамытуға қажетті барлық туристік ресурстарымыз мол мөлшерде екендігін атап көрсетті [2]. Сол себепті, жыл сайын қарқынды дамып келе жатқан туризм саласына ескерткіштер мен ежелгі қалалардың тигізер әсері мол.

Жанкент - республикалық сипаттағы археологиялық ескерткіш. Қазалы ауданы шекарасындағы Өркендеу ауылдық округінің орталығына іргелес жатқан биік төбе сияқты топырақ басқан қорғанның орнында VII - XIV ғасырларда Жанкент, Янгикент қаласы болған. Түрікмен тарихшысы Абұлғазы Баһадүрдің айтуынша, оғыз еліне жүздеген жыл астана болып келген, Сыр өзенінің аяғында тұратын ұлы мұра - Жанкент қаласы еді. Оғыздар

осы жерді ерте заманнан мекендеп, патшалары астана қала - Жанкентте отырған. Жанкент шаһары Сыр өзенінің сол жақ бетінде, Қазалы қаласынан 15 шақырым жерде жатыр [3].

Қазіргі шаһар көрінісі - биік төбе сияқты топырақ басқан қорған. Жанкенттің қалай жермен жексем болғаны туралы ел аузында небір аңыз - әңгімелер айтылады. Алайда, олардың ішінде құлаққа қонымдысы "Жанкенттің күйреуіне әсер еткен орта ғасырда өмір сүрген «Жыландар» тайпасы Жанкентті басып алған" деген зерттеулер ғана. Нақты дәлелді мағлұматтар жоқтың қасы.



Сурет1. Жанкент қорғанына жүргізілген зерттеулер [5]

Жылдар бойы еуропалықтар Орта Азиядағы көшпенділердің сән – салтанатты қалалары болғандығы жайлы деректерді теріске шығарып, сенбей келді. Саяхатшылар Плано Карпини мен Рубрук XIII ғ – да мұның растығына куә болғанда, сенер – сенбесін білмей танданды. Саяхатшылар өз жазбаларында : «Бұл жерде біз сансыз қираған қалалар, бекіністер мен бүлінген тұрақтар таптық. Осы жерде аты белгісіз бір үлкен өзен бар. Онда белгісіз Янкент атты, басқа да Бархинь және 3- ші Орнас есімді қалалар тұрады» деп көрсеткен болатын [6].

Еуропалықтардың күн арқасы қияндағы далалықтарға назар аударуының басты себебі – Моңғол басқыншыларының дүниені дүр сілкіндірген жаулаушылық жорықтары еді. Саяхатшылардың ойынша, «Егінге түсер қаптаған шегірткедей» Моңғол басқыншыларының қалың қолы қазіргі Қазақстан жерімен шабуылдап өтті, жергілікті халық туған жерін оңайлықпен бергісі келмеді, ерлікпен қарсы тұрды. 1219 ж. Жошының басқаруымен моңғол әскерлері Жанкентті қиратып тонады [4]. Аянбай қарсыласқаны үшін көшелерін қанға бояп, от – жалынға орады. Соған қарамастан, қала XIV ғасырда аз уақыт болса да жанданып, Жанкент (Янгикент) атанып, сауда және қол өнері орталығына айнала бастайды.

Шынында, ертедегі Жанкент қаласының сырын білуге талпыну Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңдерінен басталды. XVIII ғасырдың I- ші жартысында қазақ ханы Әбілқайыр Жанкент қирандысын қалпына келтіріп, қайтадан қала жасауды мақсат еткен, орыс патшасынан көмектесуді сұрап өтініш жолдайды, ішінара қалпына келтіру жұмыстары да басталған. Алғашқылардың бірі болып Орынбор драгун полкінің поручигі Дмитрий Гладышев пен геодезист Муравин Жанкенттің ескі жұрты жайлы сипаттама жасайды, ол кезде ертедегі қаланың кірпіштен қаланған мұнаралары ішінара сақталған еді. Өкінішке орай, Жанкенттің бұрынғы замандардағы даңқын қайта көтеремін деген жақсы ойы Әбілқайырдың 1748 ж. кенеттен қайтыс болуына байланысты аяқсыз қалады [6]. Онан кейін де Жанкенттің ертеде керемет қала болғанын айтып, аңыздар жинаған Ресейдің әуесқой өлкетанушылары мен ғалымдары көп болды, әсіресе, И.В.Аничков, А.Д.Нестеров, Э.Диваев, В.А.Келлсур есімді ғалымдар мен зерттеушілер Сыр бойының қала мәдениетін насихаттауда еңбек сіңірді. Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетінің қамқоршысы В.В.Стасов: «Ертедегі Жанкент маңы қаласы неге біздің Помпей болмасқа?!» - деп бұл ескерткіштің ертедегі Рим және грек ескерткіштерінен кем түспейтін маңызын айтқан.

Жанкент шаһарының үйіндісінің орнын алғаш рет 1867 жылы П.Лерх пен М.Приоров кішігірім қазба жұмыстарын жүргізіп, қаланың жобасын қағазға түсірген, жұмысты 1867 жылы В.Верещагин жалғастырады, ал нағыз кешенді қазба жұмыстар 1946 жылы академик С.Толстов бастаған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының арқасында жүрген [7]. Шаһарда заманның өзінде қазіргі дәуірдің өркениетіне тән су құбырлары мен

жүйелерінің болғанын да осы археологиялық зерттеу дәлелдеп берді, таңба салынған темір теңгелер де мұнда сауда-саттықтың айтарлықтай даму деңгейіне жеткендігінен сыр шертеді. Жанкенттен Ұлы Жібек жолы арқылы Қытай, Иран, Үндістан және Еуропа елдеріне Аралда өндірілетін тұз тиеген керуендер күнделікті жөнелтілетін болған. Бұл саладан Оғыз мемлекетіне көптеген пайда түсіп, астанасы Жанкент қаласы өндіріс және мәдениет орталығына айналған. Қалада құмыра, қару-жарақ жасаушылар, ұсақ қолөнершілер көп болған. Сауда қатарларында Жібек жолы арқылы әкелген қытай жібектері, үнді маталары мен жемістері, араб елдерінен жеткізілген құрма, набат, Ираннан алдырылған тұлпарлар және әшекей заттар мен өнімді тауарлар болған. Сыр өзені бойымен Орта Азия қалаларынан мұнда бидай мен астық тиелген кемелер келіп тұрған, қаланың ұзындығы 10, ені 5-6 шақырым жерді алып жатыр, алдымен тіл ұшына ілінетін атақты биік қорған-қамал қаладан оқшау жер оңтүстік-шығыста тұр, оның ұзындығы бір жарым, ал ені бір шақырым шамасында.

Тарихи қаланың бой көтеріп, отырықшы және көшпелі мәдениеттің қатар дамуына төмендегі табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторлар әсер етті:

- егіншілікті дамытуға сол кездергі агроклиматтық жағдайдың қолайлы болуы;

- Батыс Еуропа мен Шығыс Азияны байланыстыратын адамзат қоғамының дамуына баспалдақ болған Ұлы Жібек жолының солтүстік-батыс бөктерін бойлай өтуіне орай сауданың қарқынды дамуы;

- сауданың өркендеуіне орай қол өнер мен қала құрылысының гүлденіп, халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударылуы;

- әртүрлі өркениеттердің тоғысқан ірі сауда орталығы болғанын дәлелдейтін тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын әртүрлі әшекейлі ою-өрнектермен безендіріліп салынған бай саудагерлердің үйі мен керуен сарайы, қаланың орталық бөлігінде орналасқан мұсылман мешіті.

Туристерге Жанкент қаласының орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында ашылған әлеуметтік-тұрмыстық маңызы бар ғимараттарды таныстыру барысында бөлмелердің керегелерінің симметриялы, математикалық өлшемге негізделіп, кірпіштердің белгілі бір түзудің бойымен қалануы сонау IX-XIII ғасырдың өзінде сәулет өнерінің қарқынды дамығанын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Жанкентті зерттеген ғалымдардың пайымдауынша, бір ғана қазаққа тән үй салу өнері Жанкенттен табылған бір, екі немесе үш бөлмелі тұрғын-үйлер б.з.д. I мыңжылдықтың аяғынан бергі еліміздің оңтүстік өңіріне тән құбылыс болып табылады, Жанкенттегі қазба баспананың негізгі ұясы – дәлізді немесе түнекті бөлме, академик К.М.Байпақовтың айтуына қарағанда, отырықшы қазақтың үйлеріне ұқсас. Қазба жұмыстарының барысында қаланың орталық бөлігінен ауқатты тұрмысқа тән XII ғасырда Иранда жасалған әйнек ыдыстар мен Қытайда жасалған жасыл түсті қыш құмыралар табылған. Жанкент қаласынан табылған осындай археологиялық құндылықтарды экспонат ретінде қойса, тартымдылығы мен тарихи маңызын арттырып, Қазақстандағы ортағасырлық өркениеттің ірі орталығы болғанын дәлелдеумен қатар, туризмнің ірі орталығына айналдыруға мүмкіндік туар еді.

Көне Жанкент қалашығы ұтымды, қолайлы әрі киелі жерде орын тепкен, киелі дейтін себебіміз, Жанкент орта ғасырдың ұлы ойшылы, кемеңгер Қорқытты дүниеге әкелген жер, Қорқыт бабамен қатар аталатын қобыз қазақтан басқа ұлттың қобыз тартпайтынын ескерсек, Қазалы жері қазақтың музыка өнерінің туын тіккен жер деуіміз талассыз.

Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан көне Жанкент Ташкент-Орынбор теміржолының Қазалы стансасынан 35 шақырым жерде. Қазалы стансасы мен көне шаһарға дейінгі аралықтағы жол жөнделген.

Жанкент қалашығын басқа да туристік объектілермен салыстыруға болады. Салыстыру объектілері ретінде Қазақстан жерінен Сарайшық қаласын және әлемдік деңгейдегі "Горгиппия" мұражайын қарастырдық.

Қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі-Сарайшық қаласы, тарихшы ғалымдар оның пайда болуын XIII ғасырда, яғни Шыңғыс хан мен Батудың жасаған

шапқыншылығымен байланыстырады. Белгілі деректерге сүйенсек, бұл орын туралы жазба мәліметтер XIV ғасырдың алғашқы жартысынан басталады, жазбаларда Сарайшық сол кездегі қолөнер мен сауда орталығы болғандығы айтылады. Республика ғылым академиясының 1950 жылы Батыс Қазақстанға жүргізген археологиялық экспедициясының қорытындысы негізінде белгілі археологтар С.П. Толстов пен Г.И. Пацевич Сарайшықтың өмір сүру дәуірін шартты түрде үш кезеңге бөледі:

1. X-XI ғасырларда қала іргесінің қаланып бой көтеруі.

2. XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда өмір сүрген кезеңдегі Еуропаны, Орта Азия, Қазақстанда, монғолдар және Қытаймен жалғастырған ірі сауда орталығы болуы, яғни қаланың гүлденіп, өркендеу дәуірі.

3. XV-XVI ғасырлар Ноғай ордасының орталығы болып, қазақтарға жасалған шабуыл әсерінен күйреп, қирауы [8].

Қазақ археологиясының атасы Әлкей Марғұлан өзінің 1950 жылы жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде «қала XII ғасырда салынған» деп еш бұлтаңсыз дәл айтады. Бұл пікірді, соңғы жылдары қала орнында қазба жұмыстарын жүргізіп жүрген Республикалық археология институтының ғалымдары дәлелдеп отыр. Сарайшық қаласында тарихи – мемориалдық кешен құрылысы 1999 жылы 2 мамыр күні басталып, сол жылы 3 қыркүйекте ашылу салтанаты болды. Кешен 1999-2000 жылдары Атырау облысының әкімі, қазіргі Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрі Иманғали Тасмағамбетов бастамасымен салынды. Кешен құрамына:

1. *Хандар Пантеоны* кіреді. Бұның биіктігі 17 метр, 8 қабырғалы. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арналып құлпытастар қойылған. Бұл құлпытастарға, қара мраморға жазылған хандардың аттары мен хандық құрған жылдары жазылған. Бұл хандар: Мөңке темір (1266-1282ж.ж.), Тоқтағу (Тоқты) (1291-1312ж.ж.), Жәнібек (1343-1353 ж.ж.), Әмір Оқас (14 -1447ж.ж.), Қасым Хан (1511-1518 ж.ж.), Ших Мамай (1549-1554 ж.ж.), Жүсіп Хан (1549-1554 ж.ж.).

2. *Мешіт*. Мешіттің ұзындығы 13 метр, ені 6 метр 50 см. Мешіттің іші толықтай жасақталып Михраб, Мінбарлар қойылған. Мешіт ішінде Құран, тағы басқа діни кітаптар қойылған. Әрбір жұма намазы өтіледі. Келушілер әуелі мешіт үйіне кіріп Құран оқытып, дұға етеді. Мешітке азан шақырылатын техникалық құралдар қойылған.

3. *Мұражай*. Мұражай ішіне Сарайшық қазбасынан шыққан тарихи жәдігерлер қойылған. 14 ғасырдағы Сарайшық қаласының макеті жасақталған.

Горгиппия Ежелгі қала орнына, синд тайпасының орталығында негізі қаланған. Горгиппия атауы Боспорлық I Левконның ағасы, патша өкілі Горгипп құрметіне аталған. Қала ауданы шамамен 40 гектардан асатын, ол биік қамалмен қоршалған. Б.з.д. I – II ғасырлардың соңында қалада өз шақалары, яғни монеталары соғылды. Қала Боспор патшалығының кәсіпкерлік және сауда орталығына айналған уақыты б.з. I-II ғасырда біршама өрлей бастады. Варвар тайпасының шабылдауы нәтижесінде шамамен 240 жылы қала қирады. Қазіргі Анапа қаласының орталығында сол кездегі қалашық орны қалған. Қала махаллалары және әлеуметтік жағынан біршама жоғары болған жерлеу орындары егжей-тегжейлі зерттеліп, қазылды. Шеберханалар орны мен шарапхана орны, қолтаңбасы бар мраморлы тақталар, тұрғын үйлердің орны, тас төселген көшелерден ашық аспан астындағы «Горгиппия» мұражайы ұйымдастырылды. 1975 жылы Анапа орталығында шұңқырлар мен қазаншұңқырларды қазып, зерттеу жүргізу барысында антикалық мәдениеттен ескерткіш грек ойшылының табыты табылды. Бұл табыт Гераклге тиісті болғандықтан, «Геракл табыты» деп атап кеткен. Тек бұл ғана емес, сонымен қатар 2 бойжеткеннің табыты табылған. Табыттың жанынан табылған заттарға назар аудара отырып, бұлардың әулетті отбасыдан шыққандығын айтуға болады.

1977 жылы РКФСР министрлер кеңесі шешімімен Анапа археологиялық музейі құрылды. Ол Е.Д.Филицынаның атындағы Краснодар мемлекеттік тарихи-археологиялық музей-қорықша болып табылады [9].

"Антикалық Горгиппия қаласы" грек өркениетінің мұрасы және қазіргі еуропалық

мәдениеттің негізі болып табылады, жыл сайын 150 мыңнан астам адамдар тамашалауға келеді, олардың біршама көбісі-орыстар болып табылады.

Жоғарыда салыстыруға ұсынылған объектілермен Жанкентті салыстыра отырып, Жанкентті туристік объектке айналдыруға болатынына көз жеткізуге болады. Төменде Жанкентті туристік нысан ретінде қарастыруға SWOT-талдау жасалды (Кесте 1).

Кесте 1. Жанкент қорғанын туристік нысанына SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- тартымдылығы мен тарихы маңыздылығы бар археологиялық құндылықтардың көптеп табылуы; - орта ғасырдағы сауда-саттық, мәдениет орталығы болғандығы; - Ұлы Жібек жолы бойында орналасқандығы; - туристерді қызықтырарлықтай аңыз - әңгімелер, киелі де қасиетті жер.	- көлік қатынасы дамымаған; - жолдары жөндеу жұмыстарын талап етуі; - сервистік қызмет көрсету орталықтарының болмау.
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатерлері
- археологиялық құндылықтарға бай; - ортағасырлық тарих беттеріне шолу жасауға болады.	- ауа-райының құбылмалылығы; - тым шалғайда орналасуы.

Жанкент туралы мағлұматтарды ұсына отырып, мынадай ұсыныстарды беруге болады:

- толық археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу;
- Жанкент маңындағы Жент, Хора, Кердері қалашықтарына қазба жұмыстарын жүргізу;
- Жанкентті ғылыми-танымдық туризм орталығына айналдыру;
- Жанкентті қала-мұражайға айналдыру, яғни, ашық аспан астындағы мұражай ашу;
- Жанкентті ДТҰ-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу;
- көлік қатынасын реттеу;
- сервистік қызметті дамыту;
- қонақ үйлер мен орналастыру орындарын салу.

"Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасына" сүйене отырып болашақта осы ұсыныстар нәтижесінде туристерді орналастыру орындары, сондай-ақ туристердің келу саны мен түнеушілер саны артып, туризм саласындағылар жұмыспен қамтылу көрсеткіші артады, ғылыми-танымдық туризм орталықтары ашылады деп сенуге болады. Нәтижесінде басқа да көне тарихи орталықтардың туризм орталықтарына айналуына ықпал етеді.

Жанкент қалашығының зерттелуі бүгінде біршама елдердің археолог-ғалымдарын қызықтырып отыр. Басқалардың қызығушылығын тударған ежелгі мұрамызды сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу қажет. Сондықтан, Жанкенттің құпияға толы тарихын жарнама ретінде пайдалана отырып, осы жерге өзгелердің қызығушылығын бұрынғыдан да бетер арттыра түсу қажет. Осылайша, Жанкентті зерттеп, туризм орталығына айналдыруға кеткен шығындарды бірнеше жыл ішінде-ақ қайтарып алуға болады.

Сонымен қатар, туризмді дамыту ел экономикасына оң жағынан тигізер пайдасы зор болмақ.

Қолданылған әдебиет

1. ҚР Президентінің "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты" атты 2012 жылғы жолдауы
2. "Мәдени Мұра" бағдарламасының 2003-2012 жылдар аралығында өткізілген іс-шараларына талдау
3. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
4. <http://www.362kz.kz/kk/news/zhankent/>
5. BNews.kz

6. Қазақстан тарихы. 2012 ж, 3 басылым
7. С.Ө.Білалов. Отағасырлық Жанкент қаласында жүргізілген археологиялық жұмыстар.
8. <http://visitkazakhstan.kz/kk/guide/places/view/230/>
9. <http://otdih.nakubani.ru/muzej-gorgippiya/>

УДК 338.48

ИНФОРМАЦИОННЫЕ И КОМПЬЮТЕРНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА СЛУЖБЕ ТУРИЗМА И ИНДУСТРИИ ГОСТЕПРИИМСТВА

Ахмед Айкерим Ерланкызы

brusik2000@mail.ru

Студент ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан

Научный руководитель – Сыздыкбаева Б.У.

Главная цель Казахстана, которую поставил перед нами Лидер нации, - к 2050 году войти в число 30 самых развитых государств мира. Для достижения этой цели у нас есть ориентир - «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». Одним из основных положений Стратегии является всесторонняя поддержка предпринимателей. Президент отметил, что этот вопрос должен стать одним из важнейших направлений деятельности для государства, назвав бизнесменов ведущей силой национальной экономики. «Мы должны создать условия, чтобы человек смог попробовать себя в бизнесе, стать полноценным участником проводимых в стране экономических преобразований, а не ждать, что государство решит за него все проблемы», - подчеркивает Президент РК Н.А. Назарбаев [1].

Информатизация - одна из наиболее ярких черт системы общественных отношений развитых стран. Человечество вступило в такой этап развития цивилизации, в котором информация и знания играют определяющую роль во всех сферах деятельности людей. При этом информация становится в современном обществе важнейшим фактором экономического роста.

Технологический прогресс является сегодня не только главным фактором обеспечения благосостояния нации, но и важнейшим условием процесса ее устойчивого развития. При этом приоритетное внимание уделяется именно информационным технологиям, которые благодаря их особым свойствам катализатора активно содействуют технологическому прорыву страны не только в информационной сфере, но и во многих других не менее важных направлениях.

Информационные технологии коснулись и туристской деятельности. Туризм сегодня - это глобальный компьютеризированный бизнес, в котором участвуют крупнейшие авиакомпании, гостиничные цепи и туристические корпорации всего мира. Современный туристический продукт становится более гибким и индивидуальным, более привлекательным и доступным для потребителя.

Туризм и информация неразделимы: решение о поездке принимается на основе информации; сам тур в момент покупки - тоже информация; информацией обмениваются сотни раз в день все участники туристического рынка. Это означает, что нужно уметь работать с информацией, собирать, обрабатывать и принимать на её основе единственно верное решение.

Информационная технология - это совокупность методов, производственных процессов и программно-технических средств, объединенных в технологическую цепочку, обеспечивающую сбор, обработку, хранение, передачу и отображение информации.

Как известно, туризм представляет собой торговлю услугами. Причем, во-первых, — это комплексная и разнообразная услуга, как с точки зрения производителя, так и